

ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ПӘНІ, МАҚСАТЫ, ӘДІСТЕРІ



Мақсаты: Қоғамның өндірістік дамуына байланысты адамның табиғи ортаға әсерін; табиғат байлығын, табиғи күштерді пайдалануын қарастыру.

Түйін сөздер: Тарихи тану әдіс, жүйелілік мөлшерлеу (нормалау) әдісі, экономика-математикалық, статистикалық талдау, сараптау әдістері

- ▶ Қоғамның өндірістік дамуына байланысты адамның табиғи ортаға әсері; табиғатбайлығын, табиғи күштерді пайдалануы артып келеді. Бұл әсер екі сипатта. Бір жағынан, ғылыми-техникалық жетістіктің арқасында табиғи орта жақсартылады. Оның қорын молайтып, ұқыпты пайдалануға мүмкіндік туады. Мысалға, шөлді және шөлейіт жерлерді суландыру, орман отырғызу, жерді көгалдандыру, өсімдіктердің құнды түрлерін көбейту, жалпы табиғи ортаны, ондағы өсімдіктер, жан-жануарлар дүниесін қорғауды атауға болады.



Ал екінші жағынан, табиғи ортаны бүлдіру ауқымы да артып келеді. Мысалы, өндірістің кері әсері ретінде табиғат байлығының түгесілуін, судың, жердің, атмосфераның ластануын, орманның жойылуын, жердің тозуын, ауыл шаруашылық жерлерінің қазба жұмыстарын жүргізуге, құрылыстар салуға бөлінуін айтуға болады.

Қоғамдық өндіріске табиғаттың жаңа байлықтары ұдайы қосылып және оларды игеру мөлшері артып отырады. Ғылыми-техникалық жетістіктер бұрын игеруге мүмкін болмаған, сапасы төмен табиғат байлықтарын өндіріске қолдануға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде өндірісің табиғи ортаға әсері күшейеді, табиғат байлығын пайдалану мәселесі шиленісе түседі. Табиғат байлығын пайдалану қарқынының артуы халық санының өсуіне де байланысты. Үстіміздегі ғасырдың басында жерде **1571** млрд. адам өмір сүрген болса, **1990** жылы халық саны **5300** млрд. –қа жетті, ал **2000** жылы **6** млрд. –тан асады деп есептеледі.



ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ, ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ӨНІМДЕРДІ АРТТЫРУҒА, ОҒАН ШИКІЗАТ РЕТІНДЕ ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ МӨЛШЕРІН КЕҢЕЙТУГЕ ТУРА КЕЛЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ ҚОРЫНЫҢ ШЕКСІЗ ЕМЕСТІГІН ДЕ ЕСКЕРГЕН ЖӨН .ӘСІРЕСЕ ҚАЛПЫНА КЕЛМЕЙТІН ТАБИҒАТ БАЙЛЫҚТАРЫНЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОТЫН ЭНЕРГИЯ ҚОРЫНЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛУДЕ. ТҮСТІ МЕТАЛДАРДЫҢ КӨПШІЛІГІ – МЫС, ҚОРҒАСЫН, МЫРЫШ, ҚЫМБАТ БАҒАЛЫ МЕТАЛДАР ТАПШЫ БОЛА БАСТАДЫ. ОЛАРДЫҢ ӘР ТОННАСЫН ӨНДІРУГЕ БҰРЫНҒЫҒА ҚАРАҒАНДА АНАҒҰРЛЫМ КӨП ЕҢБЕК ЖҰМСАУҒА ТУРА КЕЛЕДІ. ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ: ЕҢБЕК ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ҚОРЫНЫҢ, ӨНДІРІС ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ДАМУ СЕБЕП-САЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙ БІЛУ ҚАЖЕТ. БҰЛ ФАКТОРЛАР БІР-БІРІМЕН ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА ЖӘНЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТА БОЛАДЫ.

“Адам және табиғи орта” жүйесінде өндіріс күштерінің, өндіріс қатынастарының даму процестерін тереңірек түсіну қажеттігі жаңа экономикалық ғылыми – табиғат пайдалану экономикасының қалыптасуын туғызады. Бұл ғылымның пайда болуы мен дамуын ең алдымен шаруашылық қажеттіліктен деп ұғу керек. Ұзақ уақыт экономика және экология ғылымдары жеке-жеке ғылым салалары ретінде дамып келеді, олардың өзіне тән ғылым негіздері, әдістері болады



Табиғат байлығын неғұрлым тиімді пайдалану, табиғи ортаны қорғау мүмкіндіктерінің тиімдіктерін айқындау жолдарын;

Табиғат байлығын тиімді пайдалануды табиғи ортаны қорғауды басқарудың экономикалық механизмін, оны жетілдіру бағыттары мен жолдарын зерттейді.

Табиғат пайдалану экономикасы: табиғат пайдалану процестерінде туындайтын экономикалық заңдылықтарды, өндірістің табиғи ортаға тигізетін әсерін және оның кері әсерінен қорғануды ұйымдастырады:

Халық шаруашылығын табиғи ресурстарымен қамтамасыз ету жағдайларын;

Табиғат байлығын экономикалық бағалау әдістерін, табиғи ортаны бүлдіруден, табиғат байлығын сірап етуден келетін зиян мен мөлшерін есептеу әдістерін;



ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРМЕН ДЕ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА, ӨЙТКЕНІ ӨНДІРІСТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС ҰЙЫМДАСТЫРУ, ЖҮРГІЗУ БАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРДІ ЕСКЕРУДІ ТАЛАП ЕТЕДІ. ТЕХНИКА – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ ДЕ ТИІМДІСІ – ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНИКА МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ОРТАМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ БОЛАДЫ.

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАСЫ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА. АЙМАҚТЫҚ ҮЙЛЕСІМДІЛІК, ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫНЫҢ ОРНАЛАСУ ТИІМДІЛІГІ, ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУШЫ ӨНДІРІСТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІ, Т.Б. ОРТАҚ ШЕШЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР. ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ӘДІСТЕРІ, БАҒЫТТЫ, МАҚСАТТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖЕКЕ САЛАЛЫҚ ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУГЕ КӨМЕГІН ТИГІЗЕДІ. САЛАЛЫҚ ЭКОНОМИКА ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАСЫНАН БҰРЫН ҚАЛЫПТАСТЫ. СОНДЫҚТАН ОЛАРДА ТЕОРИЯЛЫҚ, ІС-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖИНАҚТАЛҒАН ТАНЫМДАР ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІ БОЛАДЫ.

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ АТҚАРАТЫН МІНДЕТТЕРІ: ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ, ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҮШ КЕЗЕҢДІ ҚАМТУ КЕРЕК: ЖАҚСАРТУ (ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ, ҚОРҒАУ), ИГЕРУ ЖӘНЕ ҰҚСАТУ.

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТІ
НЕГІЗІ – **ДИАЛЕКТИКА**.

ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ ӘДІС БОЙЫНША
ЗЕРТТЕЛЕТІН ҚҰБЫЛЫС (ЗАТ) ЖАН-
ЖАҚТЫ, ҚАЙШЫЛЫҚТА, ДАМУ
ҮСТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ.

ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ ӘДІС БОЙЫНША
ҒЫЛЫМИ ОЙ-ТАНЫМ ЖИНАҚТАЛҒАН
ІС- ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНАДЫ.

ТӘЖІРИБЕДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР МЕН
ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУ
ЖАСАЛЫП, НӘТИЖЕЛЕРІ ІС ЖҮЗІНДЕ
ҚОЛДАНЫЛЫП ОТЫРАДЫ.





Сұрақтар:

1. Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану міндеттері

2. Қазіргі экономикадағы табиғат ресурстарын пайдаланудың стратегиясы

3. Табиғи орта дестабилизациясының және әлеуметтік-экономикалық негідері

Әдебиеттер тізімі:

- ▶ 1. Голуб А.А., Струкова Е.Б. Экономика природопользования. - М: Изд. Аспект-пресс. 1995.-188 с.
- ▶ 2. Папенов К.В. Экономика и природопользование. М.: МГУ, 1997. - 240 с.
- ▶ 3 Экономические основы экологии: Учебник / В.В Глюков. Т.В. Лисочкина. Т.И. Искрати - Спб, Специальная литература, 1995. - 280 с.
- ▶ 4. Методы определения ущерба экономическим способом. Нормативный документ
- ▶ ОНВ - 22/195. - Алма-Ата, 1991. - 220 с.
- ▶ 5. Нестеров П.П., Нестеров А.П. Экономика природопользования и рынок. - М.: Закон и право. ЮНИТК 1997.- 413 с.